



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**



**«ГНПФ» жинақтаушы
зейнетақы қоры» АҚ**

**2007 жылғы 21 маусымдағы
№ 25 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Еуропа Қайта құру және Даму Банкі «ГНПФ» жинақтаушы
зейнетақы қоры» АҚ акционерлерінің құрамына кірді**

ҚР Үкіметі, ҚР Ұлттық Банкі, «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және Еуропа Қайта құру және Даму Банкі жасаған Келісім шеңберінде ЕҚДБ ағымдағы жылдың 31 мамырында акциялардың жалпы көлемінің 9,99% мөлшерінде ГНПФ акцияларын сатып алуды жүзеге асырды.

Осылайша, қазіргі уақытта **акцияларының 57,61% үлесімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 32,40% үлесімен Қазақстан Республикасының Үкіметі, 9,99% үлесімен ЕҚДБ ГНПФ акционерлері** болып табылады.

ГНПФ – акционерлерінің құрамына осындай деңгейдегі халықаралық қаржы ұйымы кіретін жалғыз зейнетақы қоры. **ЕҚДБ қатысуы ГНПФ-ның мәртебесін, оны мүлдем жаңа даму сатысына шығара отырып халықаралық деңгейде танылуын арттырады.**

Қол қойылған Келісім шеңберінде ЕҚДБ өзінің консультанттары арқылы ГНПФ-ға тәуекелдерді басқару жүйесін ендіру бойынша, интеграцияланған автоматтандырылған бизнес-процестерді ендіру бойынша, сондай-ақ маркетингтік технологияны дамыту бойынша техникалық көмек көрсетуді бастады.

ЖЗҚ және ЗАИБЖҮ тоқсан сайынғы есебіне сәйкес **2007 жылғы I тоқсанда ГНПФ-ның зейнетақы активтері бойынша кірістілігі жылдың басынан бері ұлғая түсуде, барлық жинақтаушы зейнетақы қорларының арасындағы ең жоғары кірістілік болып табылады және 15,29 % құрайды.**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің ресми деректері бойынша 2007 жылғы 1 мамырға «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ-да негізгі көрсеткіштерінің тұрақты өсуі жалғасып отыр.

12 ай кезеңдегі К2 номиналдық кірістілік коэффициенті ағымдағы жылдың 1 мамырында 12,33 % құрады, бұл осы кезеңде 7,7 пайызды құраған жинақталған инфляция деңгейінен әлдеқайда жоғары болды.

ГНПФ-ның таза зейнетақы активтері ағымдағы жыл басынан бері 12,2 млрд. теңгеден астам өсті және 175, 9 млрд. теңгеден астам, олардың нарықтық үлесі 17,83 % болды. Зейнетақы жарналары осы кезеңде 11,5 млрд. теңгеге өсіп, 175,96 млрд. теңгеден астам болды.

ГНПФ салымшыларының саны бойынша Қазақстанның ірі жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылады. ГНПФ-ның салымшылардың саны бойынша үлесі 27,4% құрайды, салымшыларының саны 2,411 млн. адамнан асады.

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ГНПФ-ның таза инвестициялық кірісі 64,49 млрд. теңгеден астам болды. Оның ағымдағы жылдың бес айындағы өсімі 3,58 млрд. теңге болды.

ГНПФ-ның жарғылық капиталының мөлшері 555,5 млн. теңгеге дейін өсті. ГНПФ-ның меншікті капиталының мөлшері ағымдағы жылдың басынан бері 540 млн. теңгеден астам өсті және 4,62 млрд. теңгеден астам болды.

Сенімділік, тұрақтылық және қол жетімділік – ГНПФ-ның жұмысындағы негізгі басымдық. ГНПФ-ның инвестициялар портфелі халықаралық жетекші рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша халықаралық кредиттік рейтинг шкаласы бойынша бағаланған жоғары сенімді қаржы құралдарынан қалыптастырылды. ГНПФ-ның 80% астам неғұрлым үлкен бөлігі мөлшері инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтерінің кемінде 30% болып белгіленген кезде эмитенттің немесе бағалы қағаздың рейтингтік бағалауы бар қаржы құралдарына инвестицияланды.

ГНПФ республика зейнетақы қорларының арасында бірінші болып зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруға лицензия алды.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі тарихында 2006 жылдың қаңтарынан бастап ГНПФ жинақталған зейнетақы қаражатынан алынатын комиссиялық сыйақының мөлшерін азайтты. **ГНПФ-ның салымшылар төлейтін комиссияларының мөлшері Қазақстанның барлық зейнетақы қорларының арасындағы ең төменгісі және басқарылатын зейнетақы активтерінің 0,0475% құрайды.**

«Moody International» халықаралық агенттігі 2004 жылы ГНПФ-ға ISO 9001: 2000 стандарттарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесінің ГНПФ-да табысты ендірілгенін растайтын сертификат берді.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытуға және капиталды басқаруға қосқан үлесі үшін Еуропа маркетингтік зерттеулер орталығы (Брюссель, Бельгия) 2005 жылы ГНПФ-ға EuroMarket Award наградасын тапсырды.

ГНПФ 2005 жылы ГНПФ пайдаланатын барлық бағдарламалардың сатып алынған лицензиялар немесе сертификаттар болып табылатынын растайтын № 1 сертификат алды.

Қордың бүкіл Қазақстан бойынша 28 аймақтық бөлімшесінен тұратын ауқымды аймақтық желісі бар.